

*А. Аширова*

## ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда саяси-экономикалық жағдайдың жаңаруы, экономикалық-өндірістік күштердің қарқынды дамуы мамандар даярлауда да өзіндік жаңа технологияларды қажет ететіні анық. Еліміздегі білім беру жүйесі заман талабына сай әлемдік білім беру жүйесіндегі кредиттік оқыту жүйесін оқу үдерісіне енгізгені белгілі. Кредиттік технология бойынша оқыту студенттің шығармашылық қабілетін дамытып, ізденушілігін арттырады. Оқытудың кредиттік жүйесіндегі негізгі мәселенің бірі – студенттердің өз бетінше білім алуын ұйымдастыру. Бұған студенттердің дәріс тыңдауымен қатар оқытушы берген бағыт–бағдар негізінде өз бетінше ізденуі себеп болады, яғни оқу үдерісінде аудиториялық жұмыспен қатар студенттердің өз бетімен жұмысы маңызды қызмет атқарады. Студенттердің өз бетінше өздік жұмыс орындауы олардың шығармашылық қабілетінің дамуына, өз бетінше ізденіп алған білімі ғылыми–зерттеу жұмысымен шұғылдану дағдысының қалыптасуына септігін тигізеді.

Студенттің өздік жұмысы дегеніміз – силлабус негізінде оқытушының әдістемелік нұсқауымен берілген тапсырмаларды студенттердің өзінше жеке орындауы. Ол ғылымның белгілі бір саласы бойынша студенттің білімін толықтыруға, танымдық қызметін, ізденімпаздық, шығармашылық дағдысын қалыптастыруға, дидактикалық материалдарды өзінше орындауына бағытталған кредиттік оқыту жүйесінің бір формасы болып табылады.

Студенттердің өздік жұмысы дәрісханалық, аудиториялық сабақтарда өтілген материалдарды игеруде қорытындылау, бекіту, түйіндеу функцияларын атқарады. Студенттің өздік жұмысының болашақ мамандар үшін қажетті дағдыларды қалыптастыруда, білім беруде маңызы зор. Атап айтар болсақ, өздік жұмыспен жұмыс жасау студенттерді төмендегідей жетістіктерге жеткізеді:

- Кәсіби тұрғыдан дамуы үшін қажетті таңдау жасай білуге тәрбиелейді;
- Студенттердің оқу материалын өз бетінше іздеп тауып, іздеуіне жол ашады;

- Өз бетінше тапқан материалдарын терең түсініп, оны тәжірибеде пайдалануға көмектеседі;

- Өздігінен ізденуге деген құштарлығын арттыруды қалыптастырады;

- Жаңа білім үдерістерін құрып, оны бұрынғы білімімен ұштастыруға мүмкіндік береді;

- өзін–өзі жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, яғни өз–өзін тәрбиелеуге жол сілтейді;

- өзінше ғылыми тұжырым жасауға қалыптастырады;

- өз білімін толықтыру мақсатында ізденуге жол ашады.

В.П.Стрезиконин «Только в процессе самостоятельной работы студент овладевает знаниями, умениями и навыками, обогащает свою память, осмысливает понятие, проникает в суть явлений», – дей отырып, студенттердің білікті маман ретінде қалыптасуына өздік жұмыстың атқаратын қызметінің маңызды екенін көрсетеді.

СӨЖ тапсырмаларын беруде оқытушының да өз қызметі болады. Атап айтар болсақ,

- студент бойындағы қызығушылығын жойып алмай, қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, студенттің шығармашылық ізденісінің дамуына жол ашу;

- студенттің білімді өз бетінше ізденуге бағыт–бағдар беру;

- өзін–өзі дамытатын тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

СӨЖ ұйымдастыруда жоғарыда айтып кеткеніміздей, оқытушының қызметі ерекше. Себебі оқытушы жалпы студенттермен емес, жеке қабілеті мен бейімін ескере отырып, нақты жеке тұлғамен жұмыс жасауы тиіс. Әр пәнді оқуда СӨЖ–ді ұйымдастыру бір–бірімен өзара байланысты мынадай үш форма негізінде жүзеге асырылады:

1. аудиториядан тыс СӨЖ;
2. тікелей оқытушының басшылығымен жүзеге асырылатын аудиториялық СОБЖ;
3. шығармашылық яғни ғылыми–зерттеу жұмысы.

Ендігі мәселе Сөж тапсырмаларын беру

туралы болмақ. СӨЖ тапсырмаларын беруде студенттің ізденуіне, шығармашылықпен айналысуына жол ашатын тапсырма түрлерін түрлендіріп беру қажет. Ол пән мақсатына қарай әртүрлі формада берілуі мүмкін.

СӨЖ сабақтары үшін сабақта қолданылатын материалдар түгел қамтылуы тиіс. СӨЖ материалдарына: негізгі және ұсынылатын әдебиетпен қамтамасыз етілу картасы, студенттердің білімдерін ағымдық және кезеңдік бақылауға арналған тест тапсырмалары, бақылау сұрақтары, дидактикалық материалдар, қорытынды тест тапсырмалары немесе билеттер, әдістемелік нұсқаулар, кейс, сөзжұмбақтар, көрнекті құралдар, ОҰҚ, сырттай оқитын студенттерге арналған әдістемелік пакет, практикалық сабақтардың барлық түрлері бойынша бағдарламалар, пән бойынша оқу үрдісінің картасы жатады.

СӨЖ нәтижесі бақылаудың жазбаша формалары негізінде рәсімделеді. СӨЖ-дің жазбаша формаларына конспект, реферат, баяндама, эссе, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, жаттығу жұмысы, курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, ғылыми мақала, аудио, бейне-есеп т.б. жатады және ақпараттың әр түрлі көздерін еркін пайдалана алу мен оқытудың электрондық құралдарын қолдануға тиімді жағдайлар жасалуына байланысты.

СӨЖ-ге ұсынылатын тапсырмаларды беру жолдарын әртүрлі ұйымдастыруға болады. Атап айтар болсақ, СӨЖ тапсырмаларын орындауда іскерлік ойын жүргізу, кейс, презентация жасау, дискуссияларды жүргізу, дөнгелек үстелдер өткізу, бейнефильмдер көрсету әдістері, газет-журналдардан ғылыми әдебиеттерден алынған материалдарды түрлі тәсілдермен рәсімдеу (конспект, реферат, аңдатпа жазу және т.б.), өзінің идеяларын қорғау, өз тұжырымдарын ұсыну, баяндама жасау, түрлі мәселелер бойынша мәліметтер дайындау, негізгіден жанама, қосымша материалды бөліп алу, иллюстрация, сызба, кестелер бойынша мәтін құрастыру, өзінің мысалдарын келтіру, қосымша пікір дайындау, қорытындылауға қатысу, экскурсиялар жасау, реферат сұрақтарын немесе тапсырмаға қатысты сұрақтар дайындау, әңгімелесу, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтып беру немесе қойылған сұрақтарға жауап беру, жоспар құру, т.б. қолданылады.

СӨЖ тапсырмаларын беруде оларды мақсатына қарай түрлендіру орынды. Мысалы, білімді бекіту және жүйелендіру үшін конспектімен, дәріспен, оқу материалдарымен (оқу құралымен, қосымша әдебиеттермен, аудио және бейнежазбалармен, т.б.) жұмыс жасау, жоспар және жауап тезистерін құру, оқу материалдарын

жүйелеу үшін кесте жасау; нормативті материалдарды оқу; бақылау сұрақтарына жауап дайындау, мәтінге аналитикалық талдау жасау (мәтінге аннотация, пікір, реферат жазу), семинар, конференцияда баяндама жасау үшін тезистер, рефераттар, баяндамалар дайындау; әдебиеттер тізімі мен сөзжұмбақтар дайындау сияқты тапсырмалар беріледі. Ал әртүрлі кәсіби дағдыларды қалыптастыру үшін тапсырмаларды орында, сызбалар құру, жағдаяттық кәсіби мәселелерді шешу, іскери ойындарға дайындық жүргізу, кәсіби мамандықтың әртүрлі түрлері мен құрамдық бөліктеріне жоба жасау; курстық және диплом жұмыстарын жазу; эксперименттік жұмыстар; тәжірибелік жұмыстар; т.б. тапсырмаларды беру ұсынылады.

СӨЖ-дің әртүрлі формаларының ішінде жоғарғы курстарда практикалық сабақтарда іскерлік ойын жүргізу тиімді. Ойын тақырыбы нақты өндірістік мәселелермен байланыста болуы немесе өзекті мәселелер міндетін қамтитын қолданбалы сипатта болуы тиіс. Іскерлік ойынның мақсаты – имитация негізінде студентке өз ісіне қатысты шешім қабылдауға мүмкіндік беру болып табылады. Семинар және практикалық сабақтар жүргізу барысында студенттер СӨЖ-ді жеке де, кіші топ ішінде де (шығармашылық) орындай алады. Топпен жұмыста топтың әр мүшесі өз жобасын немесе өз жұмысын ұсына алады. Орындалған жоба (өзекті мәселе шешімі) айналым жүйесіндегі басқа топ арқылы сыналады. Көпшіліктің талқылауы, студенттің өз нұсқасын қорғауы СӨЖ қызметін жоғарылатады және оның сапалы орындалуына деген талпынысты күшейтеді. Практикалық сабақты ұйымдастырудың бұл жүйелі қойылған міндетке ғылыми-зерттеу элементтерін ендіруге мүмкіндік береді.

Әдеттегі практикалық сабақтарда студенттер жұмысының белсенділігі СӨЖ-дің жаңа формасы негізінде жүзеге асырыла алады.

Өздік жұмыстарды бақылау формаларын да әртүрлі етіп оқытушы таңдайды. Атап көрсетер болсақ, олар:

– баяндама, реферат, т.б. сияқты жазбаша түрде өз бетінше жасалған жұмыстарды ауызша тапсыру;

– өз бетінше зерттеліп отырған тақырып бойынша конспект жасау;

– есеп, күнделік, хаттамалар, т.б.;

– ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп (оның орындалу кезеңдері, мақсат-міндеттері туралы, т.б.)

– өздік жұмысы нәтижесінде басылымдарға ғылыми мақалалар жариялау;

- тестілеу;
- шығармашылық жұмыстар, т.б.

СӨЖ–ді ұйымдастыруда өзара байланысты мынандай шарттар маңызды қызмет атқарады:

1. педагогикалық–ұйымдастырушылық;
2. дидактикалық
3. технологиялық–процессуалдық.

Педагогикалық–ұйымдастырушылық шарт бойынша жаңа ақпараттық технологиялар негізінде өзіндік жұмыстар педагогикалық тұрғыда дұрыс ұйымдастырылуы тиіс, яғни өзіндік жұмыс тапсырмалары нақты берілуі тиіс; семестр бойынша оқу жүктемесі көлемі нақты бір жүйеге негізделуі қажет; бақылау белгіленген мерзімді өткізілуі міндетті. СӨЖ тапсырмаларын орындауға қатысты кеңес беруде жүйелік пән нақты бағыт–бағдар беру мәселелерінің қатаң ескерілуі тиіс, себебі жүйелі кеңес беру студенттің өз бетінше жұмыс жасауына арқау болады; студенттің жеке берілген тапсырмаларды өз уақытында орындауы; кафедра оқытушыларының бағалау әрекетіне сәйкес ортақ қағидаларды ұстануы қажет, студенттер материалдық–техникалық және әдістемелік тұрғыдан ақпараттық технологиялар деңгейіндегі қамтамасыз етілуі қажет.

СӨЖ–ді ұйымдастыруға қойылатын дидактикалық шартқа студенттер зейінін жаңа білімді меңгеруге бағыттай отырып, студенттердің өзіндік жұмыстарын дайындау жатады. Мұнда бақыланатын жаттықтыру түрлерін (проблемалық тапсырмалар мен электрондық тест жүйесін құрастыру, т.б.) қолдану, студенттерді кәсіби тұрғыдан дайындайтын дидактикалық материал-

дармен қамтамасыз етілуі басты талап болып табылады. Студенттердің өндірісте өтетін тәжірибелік жұмыстары мен өндірістік, кәсіби оқыту арасында қарама–қайшылық болмауы тиіс, керісінше өзара байланыста болуы тиіс.

Технологиялық–процессуалдық шарт бойынша, студент ЖОО тарапынан жаңа ақпараттық технологиялармен және жаңа ақпараттық технологияға негізделген қажетті оқу–әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі тиіс. Себебі студент өз бетінше ізденуі барысында қазіргі заман ағымынан қалмауы тиіс. Себебі студент өз бетінше ізденуі барысында қазіргі заман ағымынан қалмауы тиіс, кейінгі жылдары жарық көріп жатқан отандық, шетел жаңалықтарымен, ғылыми әдебиеттер мен таныса отырып, өз пікірін ортаға салуы тиіс. Ал бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, ЖОО–да қазіргі заман талабына сай материалдық–техникалық базасының (оқытушыларға және студенттерге арналған компьютерлік сыныптар телебайланыс, электрондық пошта, Интернет торабы т.б.), оқу үрдісінде оқу–әдістемелік кешендерінің, электрондық оқулықтардың, автоматты оқыту бағдарламаларының, электрондық оқыту кешендерінің және т.б. болуына негізделеді.

1. Стрезиконин В.П. Организация процесса обучения в школе. – М.: Просвещение, 1968. – 245 с.

2. Голант Е.Я. Значения самостоятельной работы школьников // Советская педагогика. – М.: 1942.

\* \* \*

В статье рассматривается роль СРС в формировании профессиональных навыков и творческой активности студентов и виды СРС.

*Г. Қ. Дәркенбаева*

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕРДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ ХАҚЫНДА

Экономика саласының мамандары экономикалық жаңалықтардан үнемі ақпарат алып, өмірде болып жатқан өзгерістерді, жаңа ақпараттарды дәл уақытында жеткізіп отырулары керек.

Қазіргі кезде нарықтың ағымы мен талабы әлеуметтік, қоғамдық өмірге араласуы әрбір ақпарат көзі болып табылатын – газет, журнал, интернет, т.б. білім беру көздері – кітап, оқулықтардың қомақты бөлігі экономикадан хабар, мағлұмат, мәлімет беріп, экономикаға бет бұрмай, бағытталмай өтпейді. Жаңа қоғамдық дәуірдегі ғылым мен білімнің, мәдениет пен эконо-

миканың дамуынан хабар беретін ерекше құбылыстардың бірі ретінде халықаралық қатынастар мен мемлекетаралық ынтымақтастық әрекеттерінің жаңа үрдісін атап өтуге болады. Қазіргі кезде әрбір әлеуметтік сала экономикалық салаға бет бұрмай өте алмайды. Ал осы экономикалық мәтіндердің заман талабына қаншалықты сай тұрғандығын қарастыру үшін олардың стиліне тоқталмай өту мүмкін еместігі де айғақ.

Жалпы стильге анықтама беріп кетсек: стиль – ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдің бірліктерін сұрыптап пайдалану арқылы ойды жет-